**«Нұрбөбек» мектепке дейінгі ұйымы**

# «Балабақша қош бол!»

(ертеңгілік)

**Орындаған: Иса.И**

**2022 жыл**

**Тәрбиеші:** Өтті қызық көп күндер
Барасыңдар мектепке
Бір белестен өттіңдер
Өсті ақыл-ойларың
Қуанышы бүгінгі
Құтты болсын тойларын

Қымбатты ата-аналар,балабақша қызметкерлері бүгінгі біздің бірнеше жыл мәпелеп,күтіп,тәрбиелеп өсірген бүлдіршіндерімізді мектеп табалдырығына шығарып салғалы отырмыз.Әрине бұлда үлкен той, тойларыңыз құтты болсын! Кәнекей кішкентай түлектерімізді қошеметтеп бір қол соғып қоялық.

**Би:**

**Тәрбиеші:** Алдындағы балалар
Мектепке кетіп барады
Тақпақ айтып бір-бірден
Қимай кетіп барады-дей отырып ортаға балаларымызды өз тақпақ өлеңдерін айтуға шақырамыз

**Жанел:** Балабақша , балабақша
Шаңырағы шаттықтың
Балабақша қорғанышы
Балғын сәби жастықтың.

**Санжар:** Қуанамыз сыйлаймыз
Қуаныштың мың гүлін
Бақшамызбен қимай біз
Қоштасатын күн бүгін.

**Шамшынаһар:** Балабақша есігін
Үшке тола ашқанбыз
Едік аппақ нәресте
Көп-көп бөбек көргенде
Жұбанғаным есімде .

**Әбілмансұр:** Оқимыз білім аламыз
Болашақ жолын аламыз
Бақшаменнен қоштасып
Мектепке біз барамыз.

**Алтынайым:** Балабақша базарлы үй
Көшедегі ажарлы үй
Шаттығы бар шуақты
Өз үйіміз сияқты.

**Тәрбиеші:** Кәнекей балалар сендермен ойын ойнағым келіп тұр «Иә,иә » «жоқ,жоқ » ойынын ойнайық.

1. Мектепке біз барамыз ба?
2. Клең бестік аламыз ба ?
3. Айтқан тілді аламыз ба ?
4. Ақылды бала боламыз ба ?
5. Нан жеймін деп жылаймыз ба?

**Тәрбиеші:** Рахмет көп-көп
Балаларымыз көңілді
Шақырамыз ортаға
Тойымызға сән беріп
Би билейік тамаша.
Кешіміздің одан әрі жалғасын биге берейік
**Би:**

**Тәрбиеші:** Оқимыз білім аламыз
Болашақ жолын саламыз
Бақшаменен қоштасып
Мектепке біз барамыз.
деп енді балаларымыз балабақшадағы апайларына өз ризашылығын білдірмек

Гүлдендірген бақшаны.
Меңгеруші апай жақсы адам
Сондықтанда да біз үшін
Артықсыз сіз басқадан
**Жайнагүл Маратқызына мың алғыс!**

Жайдары жүз, ай қабақ
Жүреді бізді аймалап
Тобымызға жиі кеп
Ақыл айтып тұратын
**Гүлсезім апайға көп рахмет!**

Денсаулыққа болаттай
Ауруларды жолатпай
Күнде болған әбігер
Қамқоршымыз дәрігер
**Шаттықнұр апайға мың алғыс!**

Үйренгенбіз өнер біз
Шетімізден шебербіз
Бал татыған әндері
Мың бұралған билерді үйреткен
**Гүлфат апайға мың алғыс !**

Тәтті тағам пісірген
Айран сүтін ішкізген
**Шолпан,Сания апайлар**
**Сіздерге мың алғыс.**

Жазу жазып үйреткен
Әріптерді оқытқан
Санамақты жаттатып
Санауды бізге үйреткен
Жақсы болсақ қуанған
Қате болсақ кешірген
**Жамила,Индира апайларға мың алғыс!**

Бізді баптап қараған

Күлімдеген жақсы адам
Ақ төсекке жатқызған
Басымыздан сипаған
**Раушан,Бақыткүл апайларға мың алғыс !**

**Әлинұр:** Ойыншықтарды жинаймыз
Бөбектерге сыйлаймыз
Үлкен болып өссекте
Бақшамызды қимаймыз

**Дінмұханбет:** Бірге ойнап,бірге жүрген
Күндерімді қимаймын
Естелік болсын біздерден
Мына ойыншықты сыйлаймыз

**Бексұлтан :** Ботқаным бөбек деп
Еркелеткен ұл-қызын
Анамызды ерекеше
Қуантатын күн бүгін
Өсті міне бойымыз
Қуанышқа ортақпыз
Құтты болсын тойымыз

**Амина :** Қуанышымыз біздің мол
Мектепке біз тарттық жол
Ұмытпаймыз өзінді
Балабақшам қош сау бол!

**Би**

**Тәриеші:** Бүгінгі той бәріңізге құтты болмын
Мектеп есігі әрқашан ашық болсын
Дайындыққа баратын бүлдіршінедерді
Балабақша меңгерушісі құттықтасын деп құттықтау сөзді Жайнагул Маратқызына береміз.